







ЖАЗҒЫ ОҚЫРМАН ӘЛЕМІ

ГАЙДБУК







Құрметті оқырман!

Жазғы демалыс – демалып қана қоймай, жаңа дүниелерді ашатын керемет мүмкіндік! Бұл гайдбукта сендерді қызықты кітаптар, шабыт сыйлайтын тапсырмалар мен пайдалы идеялар күтеді.


Әр бет – жаңа шытырман, әр тапсырма – жаңа тәжірибе.
Жазды көңілді, пайдалы әрі ерекше өткізіңдер!





6 - 11 жас

Кітап – сенің ең жақсы досың



Ә.Қоңыратбаев
“Сұр көжек”




С.Хасанов
“Бас бармақ”




Т.Жексенбай
“Қыран бүркіт хикаялары”



Ә.Беркімбаев
«Дәуіт ағайдың ертегілері»




Т.Жексенбай
“Бал бұлақ”



С.Елубай
«Балалық шақ баяны»



Ы.Алтынсарин
Әңгімелер мен ертегілер



Е.Тоқтарбай
«Тау құсы»



К.Рейнолдс
«Бес аю. Достықтың хикаясы»



Ф.Гүнер
«Кішкентай суретші»




12 - 15 жас

Әр кітап — жаңа көзқарас



С.Торайғыров
«Асыл сөз»



«Батырлық ертегілері»




Ж.Аймауытов
«Қартқожа»




О.Бөкей
«Апамның астауы»



Р.Мұқанова
«Мәңгілік бала бейне»



«Абай қарасөздері»



Т.Ахтанов
«Күй аңызы»



Д.Барри
«Питер Пэн»



Й.Спири «Хайди»



Э.Берроуз
«Тарзан туралы аңыз»



16 - 18 жас

Білім — болашағыңның іргетасы



М.Мағауин
«Шақан-шері»




Ә.Кекілбаев
«Аңыздың ақыры»



З.Ахметова
«Шуақты күндер»



Т.Жұртбай «Құнанбай»



Б.Момышұлы
«Ұшқан ұя»



Ш.Мұртаза
«Қызыл жебе»



Д.Ысқақұлы
«Абай тағылымы»



О.Бөкей «Кербұғы»



Г.Петров
«Финляндия қалай оянды?»



А.Бек
«Волоколамск тас жолы»



Ойлан, ізден, дамы!

6-11 ЖАС

«ОҚИҒАНЫ СУРЕТПЕН ЖЕТКІЗ»

КІТАПТАҒЫ ЕҢ ҚЫЗЫҚТЫ СӘТТИ ЕСІҢЕ ТҮСІРІП, ОНЫ ҚАҒАЗ БЕТІНЕ БЕЙНЕЛЕ

«ОҚИҒА КАРТАСЫ»

ӘҢГІМЕДЕ НЕ БІРІНШІ, НЕ KEYIN БОЛДЫ? ОҚИҒАЛАРДЫ РЕТІМЕН КӨРСЕТ

«КОМИКС ЖАСА»

КІТАПТАҒЫ БІР ОҚИҒАНЫ 3–4 СУРЕТТЕН ТҰРАТЫН КОМИКС ТҮРІНДЕ КӨРСЕТ

12-15 ЖАС

«БАСҚАША ФИНАЛ»

КІТАПТЫҢ СОҢЫН ӨЗІҢШЕ ӨЗГЕРТІП ЖАЗ. ҚАЙ НҰСҚА ҚЫЗЫҒЫРАҚ БОЛАР ЕДІ?

«САХНАЛА НЕМЕСЕ СЦЕНАРИЙ ЖАЗ»

БІР КӨРІНІСТІ ШАҒЫН СЦЕНАРИЙГЕ АЙНАЛДЫР НЕМЕСЕ САХНАЛА

«КІТАПҚА РЕЦЕНЗИЯ»

КІТАП ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ПІКІР ЖАЗ: НЕ ҰНАДЫ, НЕ ҰНАМАДЫ, НЕГЕ?

16-18 ЖАС

«KEYIPKЕРГЕ СЫНИ БАҒА БЕР»

БІР KEYIPKЕРДІҢ ӘРЕКЕТТЕРІН ТАЛДАП, ОНЫ ҚОЛДАЙСЫҢ БА, ӘЛДЕ ҚАРСЫСЫҢ БА – ДӘЛЕЛДЕ

«KEYIPKЕР КҮНДЕЛІГІ»

БІР KEYIPKЕРДІҢ АТЫНАН КҮНДЕЛІК ЖАЗ (ОНЫҢ ІШКІ СЕЗІМІ МЕН ОЙЛАРЫН АШ)



«СЦЕНАРИЙ НЕМЕСЕ ТРЕЙЛЕР ИДЕЯСЫ»

КІТАПТЫ ФИЛЬМГЕ АЙНАЛДЫРСА, ҚАНДАЙ БОЛАР ЕДІ? ҚЫСҚАША СЦЕНАРИЙ НЕМЕСЕ ТРЕЙЛЕР СИПАТТАМАСЫН ЖАЗ

Менің жазғы күнделігім

Жаз бойы оқыған кітаптарыңды осы жерге белгілеп отыр. Әр кітаптан кейін өзіңе ерекше ұнаған тұстарды, қызықты ойларды немесе сезімдеріңді қысқаша жазып қалдыр.

Қаласаң, әр жазбаңды шағын күнделік сияқты жүргізе аласың: бүгін не оқыдың, қандай кейіпкер ұнады, қандай ой сені таңғалдырды — бәрін еркін түрде жаз. Мұнда дұрыс немесе бұрыс жауап жоқ, ең бастысы — өз ойың мен сезімің.



Жақсы оқырманның құпиялары




🎯 Жазғы мини-челлендж

Өзіңді сынап көр! Жаз бойы орындап көр:

- 3–5 кітап оқы
- 2 тапсырма орында
- 1 кітапты біреуге ұсын
- 1 қызықты ойды күнделікке жаз

💡 Оқуды жеңілдететін лайфхактар

- ◆ Оқу үшін өз уақытыңды таңда (мысалы, ұйқы алдында)
- ◆ Ыңғайлы әрі тыныш жер тап
- ◆ Қызықты жерлерге белгі қой
- ◆ Түсінбеген жерді қайта оқы
- ◆ Досыңмен кітап жайлы бөліс



Құрметті жас оқырман!

Осы гайдбук сенің жазғы демалысыңды қызықты, пайдалы әрі ерекше өткізуге көмектеседі деп сенеміз ✨

Бұл беттер арқылы сен жаңа кітаптармен танысып, түрлі тапсырмаларды орындап, өз ойыңды дамытып, қиялыңды шыңдай алдың. Әр оқыған кітабың мен орындаған тапсырмаң — сенің жеке жетістігің. Оқуды тоқтатпа, қызығушылығыңды жоғалтпа.

Кітап — әрқашан жаңа мүмкіндіктерге бастайтын сенімді серігің!